

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № А-2/27 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 6 наурызда № 5805 болып тіркелді.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 29.08.2019 № А-9/405 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р К А О - ның ескерту пәсі.**

**Күжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Казақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақмола облысы әкімдігінің 05.06.2017 № А-6/249 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 29.08.2019 № А-9/405 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № А-6/200 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5385 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 10 маусымдағы жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары Д.З. Эділбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

С.Кулагин

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Ақмола облыстық мәслихатының хатшысы

Д.Нұрмұлдин

2017 жылғы \_\_\_\_\_

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

**Ескерту. Қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - Ақмола облысы әкімдігінің 29.08.2019 № А-9/405 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:**

1) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары;

2) барлық мамандықтағы дәрігерлер, акушер, диеталық мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс технигі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), мейіргер, провизор (фармацевт), зертханашы (медициналық), психолог маман, рентген зертханашысы, фельдшер, әлеуметтік қызметкер, қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер), тәрбиеші, логопед.

**2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:**

1) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары;

2) аудандық және қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

3) үйде қызмет көрсету үйымының (үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері; қызметтерді алушылардың тұрғылықты жері бойынша үйде қызмет көрсету жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған үйымдар) басшысы; жартылай стационарлық үлгідегі үйымның (күндіз болу бөлімшесінің; аумақтық және оналту орталықтарының; қызметтерді алушылардың үйимда ұзақ немесе уақытша (6 айға дейінгі мерзімге) күндіз болу жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған үйымдар);

4) барлық мамандықтағы дәрігерлер, мейіргер, диеталық мейіргер, фармацевт, мәдени үйымдастыруши, зертханашы, нұсқаушы, психолог, әдіскер, инспектор, музикалық жетекші;

5) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

6) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

7) жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;

8) карттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

9) психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

11) дефектолог;

12) біліктілігі жоғары деңгейдегі барлық санаттағы мамандар және санаты жоқ мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер;

13) біліктілігі орташа деңгейдегі барлық санаттағы мамандар және санаты жоқ мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер;

14) кітапханаши.

15) әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – Ақмола облысы әкімдігінің 05.06.2017 № A-6 /249 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.08.2019 № A-9/405 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

3. Білім беру мамандарыныңлауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме және мемелекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшысының орынбасары;

2) мемлекеттік мекеме және мемелекеттік қазыналық кәсіпорынның әдістемелік кабинеттің (орталықтың), психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация кабинеті, мектепке дейінгі білім беру ұйымының басшысы және басшысының орынбасары;

3) мемлекеттік мекеме және мемелекеттік қазыналық кәсіпорынның филиалының, институттың басшысы (менгерушісі, директоры) және басшысының (менгерушісінің, директорының) орынбасары;

4) мемлекеттік мекеме және мемелекеттік қазыналық кәсіпорынның оқыту бөлігінің басшысы (менгерушісі);

5) оку-өндіріс щеберхананың басшысы (менгерушісі);

6) кітапхананың басшысы (менгерушісі);

7) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-дифектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), мұғалім-логопед, бастапқы әсери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндіріске үйрету шебері;

8) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымның оқытушы-шебері;

9) әлеуметтік педагог;

10) педагог-ұйымдастырушы;

11) қосымша білім беретін педагог;

12) педагог-психолог;

13) тәрбиелеуші, тәрбиешінің көмекшісі;

14) жоғары оқу орнының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымның оқытушысы, оның ішінде бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыруши оқытушы, жоғары оқу орнының аға атқарушысы;

15) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымның оқытушысы, оның ішінде бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыруши оқытушы;

16) мәдени ұйымдастыруши, көркемдік жетекші;

17) логопед;

18) педагог-психолог, психолог;

19) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымның, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері;

20) музикалық жетекші (негізгі қызметтердің), аккомпониатор (негізгі қызметтердің), концертмейстер (негізгі қызметтердің);

21) жүзу бойынша нұсқаушы (негізгі қызметтердің);

22) дene тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің);

23) тәлімгер;

24) кітапханашы;

25) мейірбике (мейіргер);

26) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, әлеуметтік жұмыс жөніндегі (кеңесші) консультант;

27) емдемдік мейірбике;

28) хореограф (негізгі қызметтердің), хореограф;

29) аудармашы;

30) әдіскер (негізгі қызметтердің), әдіскер;

31) зертханашы.

#### 4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) ауылдық маңызы бар мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшылары, мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары; мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бөлімінің басшысы; мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын филиалының (сектор, тобы, бөлімі, зертханасы) басшысы, мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын құрылымдық бөлімшенің жетекшісі, мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорын көркемдік жетекшісі, кітапхана, студия басшысы және басшысының орынбасары;

2) архив қоймасының менгеруші;

3) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның режиссерлық, музикалық бөлім, көркемдік қойылым бөлімі, өндірістік шеберхана, концерттік зал, әдістемелік кабинет, қалпына келтіру шеберханасы, кітапхана, зертхана менгерушісі (басшысы);

- 4) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның бас: әкімші, қорларды сақтаушы, режиссер;
- 5) экскурсовод, ғылыми қызметкер, музейлер қорын есепке алу архивисті;
- 6) музыкалық жетекші, аранжировщик, аккомпаниатор, балетмейстер, кітапханашы, библиограф, хормейстер, мәдени ұйымдастырушы, барлық атаудағы суретші, дыбыс режиссері, барлық атаудағы техниктер, режиссер, суретші – реставратор, суретші, әкімші (негізгі қызметтер), кезекші әкімші, хореограф, редактор, мұрагатшы;
- 7) барлық атаудағы әдістемеші, әдістемеші;
- 8) қазақ, орыс, ағылшын тілдер мұғалімі;
- 9) аудармашы;
- 10) психолог.

#### 5. Спорт мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеме мен мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары;
- 2) спорттық құрылыш, цех (топ басшысы), цех (топ басшысы) басшы (менгеруші);
  - 3) нұсқаушы (нұсқаушы-спортшыдан басқа), әдіскер, психолог, жаттықтырушы-оқытушы, аға жаттықтырушы, барлық мамандықтағы дәрігерлер, медициналық бике (аға) (мамандандырылған));
- 4) барлық мамандық мұғалімдері;
- 5) әлеуметтік педагог, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы, тәрбиеші.

#### 6. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

- 1) ветеринар дәрігер;

2) ветеринарлық станцияның басшысы және басшының орынбасары;

- 3) ветеринар фельдшер.

#### 7. Орман шаруашылығы мамандарының лауазымдары:

- 1) мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының басшысы және басшысының орынбасары;
- 2) бас: аңшылықтанушы, орман қорғау және күзету инженері (табиғи кешендерді қорғау және күзету инженері), ормандарды қалпына келтіру инженері (ормандарды молықтыру және орман өсіру инженері);
  - 3) мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының орман тұқымбағының басшысы, орманшылық басшысы (орман құтуші);
  - 4) орман өрт сөндіру станциясының басшысы;
- 5) мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның біліктілігі жоғары деңгейдегі барлық санаттағы мамандар және санаты жоқ мамандар: орман (учаске) шебері, орманшы (инспектор), аңшылықтанушы;
- 6) мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның біліктілігі орташа деңгейдегі барлық санаттағы мамандар және санаты жоқ мамандар: орман (учаске) шебері, орманшы (инспектор), аңшылықтанушы.

Ескерту. Қосымша 7-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы әкімдігінің 29.08.2019 № A-9/405 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК